



**ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ**



**Балалар планшеті**

**DEXP**

**C18**

# Мазмұны

Сақтық шаралары.....	6
Аккумулятор батареясымен жұмыс істеу бойынша ұсыныстар.....	7
Құрылғы схемасы .....	10
MicroSD жад картасы мен SIM-картаны орнату .....	11
Құрылғыны пайдалану.....	12
Зарядтау .....	12
Қосу және өшіру .....	12
Сенсорлы экран .....	12
Wi-Fi .....	12
Балалар режимі.....	14
Техникалық сипаттамалары.....	18
Жинақталым.....	18
Ықтимал проблемалар және олардың шешімі .....	18
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), сату және кәдеге жарату ережелері мен шарттары .....	20
Қосымша ақпарат.....	21

## **Құрметті сатып алушы!**

DEXP маркасымен жасап шығарылатын өнімдерді таңдағаныңыз үшін сізге алғысымызды білдіреміз. Біз жоғары сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бүйімдарды ұсынғанымызға қуаныштымыз. Құрылғыны пайдаланар алдында қауіпсіздігінде қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсынystарды қамтитын осы нұсқа-ұлықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты күтіп ұстаңыз және өнімді болашақта пайдаланғанда оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Планшеттік ДК – бұл сенсорлық дисплейі бар тасымалы дербес компьютер. Бұл әртүрлі мәселелерді шешу үшін бірдей деңгейде тиімді пайдаланылатын әмбебап көпфункционалды құрылғы.

Құрылғы келесі әрекеттерді орындауға арналған:

- интернетке қосылу;
- электронды кітаптарды оқу;
- мультимедиа файлдарын ойнату;
- жад картасын пайдалану;
- ойындар мен әртүрлі қолданбаларды пайдалану.

## Сақтық шаралары

Пайдаланар алдында осы нұсқаулықты мүқият оқып шығыңыз және оны келесі пайдалану үшін жаңыңызда ұстаңыз. Кепілдік картасының толтырылғанына көз жеткізіп, оны тауарлық чек пен қаптаманы бірге сақтаңыз. Төменде көтірілген сақтық шараларын қолдану қауіпті жағдайлардың пайда болу қаупін азайтуға көмектеседі.

- Құрылғыны тым жоғары/төмен температураға (0 °C-тан +35 °C-қа дейін рұқсат етіледі), шаңға, ылғалға, тікелей күн сәулесіне, қатты дірілге, сондай-ақ күшті электромагниттік сәулеленуге ұшыратпаңыз.
- Құрылғыға сұйықтықтың тиоіне жол берменіз. Оны құрылғының суға түсү қаупі бар жерлерде пайдаланбаңыз (мысалы: бассейн, су қоймасы, ванна және т.б.).
- Нұсқаулықта көтірілген интерфейс элементтерінің кескіндері таныстыру үшін және нақты суреттерден өзгеше болуы мүмкін.
- Өндіруші құрылғының үшінші тарап әзірлеушілерінің кез келген қолданбаларымен толық үйлесімділігіне және осы қолданбалардың дұрыс жұмыс істеуіне кепілдік бермейді.
- Құрылғыны биіктікten құлап, қатты жерге түсініне жол берменіз.
- Құлаққапты шамадан тыс жоғары дыбыс деңгейінде ұзақ үақыт пайдалану есту қабілетінің жоғалуына әкелуі мүмкін.
- Батареяның екі-үш толық зарядтау және зарядының бітуі циклінен кейін максималды өнімділікке жететіні есінізде болсын.
- Деректердің жоғалуына жол бермеу үшін файлдардың сақтық көшірмесін жасау ұсынылады. Өндіруші мен сатушы қандай да болса деректердің жоғалуына жауап бермейді.
- Тек өндіруші рұқсат еткен зарядтау құрылғысы мен аксессуарларды пайдаланыңыз. Басқа аксессуарларды пайдалану кепілдік шарттарын бұзады және қауіпті болуы мүмкін.
- Балалар құрылғыны ересектердің бақылауымен пайдалануы тиіс.
- Өндіруші бүйімға алдын ала ескертүсіз құрылғының сипаттамасына өзгерістер енгізу қызығын өзіне қалдырады. Үқтимал қолайсыздықтар үшін кешірім сұраймыз.
- Құрылғының корпусын тазарту үшін жұмсақ, дымқыл шүберекті пайдалаңыңыз. Химиялық заттарды пайдаланбаңыз, олар құрылғыны зақымдауы мүмкін.
- Құрылғының корпусын ашпаңыз. Құрылғыда түрмистық жағдайда жөндеуге болатын бөлшектер жоқ. Білікті маманның қызметтерін пайдаланыңыз.
- Бұл құрылғы коммерциялық мақсаттарға пайдалануға арналып жасалмаған.


## Аккумулятор батареясымен жұмыс істеу бойынша ұсыныстар

Құрметті пайдаланушы, сіз сатып алған құрылғының құрамында қуат көзі ретінде литий негізіндегі аккумулятор пайдаланылатынына назар аударыңыз. Төмендегі ақпаратты мұқият оқып шығыңыз, ол аккумулятордың қызмет ету мерзімін ұзартуға және оны пайдалану кезінде жағымсыз салдардың алдын алуға көмектеседі.

### АКБ-ның табиғи тозуы



Құрылғы ұзақ сақталса және пайдаланылса, аккумулятор батареясы (бұдан әрі мәтінде – АКБ) сыйымдылығы мен зарядын жоғалтуға бейім болады. Құрылғыны пайдалану кезінде, 300 заряд-разряд циклінен кейін (құрылғыны шамамен бір жыл пайдаланғанда), батареяның сыйымдылығы номиналды сыйымдылықтың 80%-ына дейін азаюы мүмкін. АКБ сыйымдылығы 400 заряд-разряд циклінен кейін номиналды сыйымдылықтың 60%-ына дейін азаюы мүмкін. Белгіленген шекте және уақыт кезеңінде сыйымдылықтың ішінара төмендеуі — бұл ақаулық болып есептелмейтін АКБ-ның табиғи тозуы.



### Батарея сыйымдылығы және зарядтау-разрядтау циклдерінің саны

АКБ құрылғыдан бөлек сақталған жағдайда да қуатын жоғалтады. Өздігінен разрядталу айына шамамен 5% құрайды. АКБ құрылымы бойынша ұзақ пайдалануға жарамайды және пайдаланылу-пайдаланылмауына қарамастан, үнемі жұмысы төмендейді. Температура неғұрлым жоғары болса және қуат мөлшері 40%-та тен болуы қажет «онтайлы» (сақталуы тұрғысынан) шамадан неғұрлым алшақтаса, бұл төмендеу соғұрлым қарқынды болады. Басқаша айтқанда, АКБ пайдаланылmasa, онда оның қуатын 40-50% деңгейінде ұстаған жөн.

## **Тек түпнұсқалық зарядтау құрылғысын пайдаланыңыз**

Аккумулятор батареясының зарядталу-разрядталу қабілеті оған кіріктірілген контроллер арқылы басқарылады. Заряд пен разряд токтары шектеулі болған-дықтан сыртқы зарядтағыш құрылғыларда түпнұсқа жиынтыққа кірмейтін «жылдам зарядтаудың» мәжбүрлі режимдерін қолдануға болмайды.

АКБ-да «жады әсері» деп аталатын мүмкіндік жоқ. АКБ-ны разрядтау/зарядтау процесін кез келген деңгейден бастауға болады. Қөптеген құрылғыларда зарядтау/разрядтау дәрежесі бойынша шектеу қойылған — мысалы, заряд 90%-дан асса, контроллер АКБ-ны зарядтауға жол бермеуі мүмкін. Сондай-ақ ол АКБ зарядының толық бітуіне мүмкіндік бермей, элементтерінің істен шығуна кедергі болады («терен зарядтың бітуі» әсерінен).

АКБ заряды таусылған күйде 2 апта немесе одан ұзақ тұрса, оның элементтерінде сыйымдылықты жоғалтудың қайтымсыз процесі жүріп, соның салдарынан АКБ істен шығады.

Егер құрылғы АКБ заряды таусылған және ол біраz уақыт пайдаланылмаған болса, онда құрылғының жұмысын қалпына келтірмес бүрүн оны зарядтау құрылғысына 1-2 сағаттай қосып қою керек.

## **Температура режимін сақтаңыз**

АКБ-ны зарядталған күйде +15 °С-тан + 35 °С-қа дейінгі температурада сақтау керек. АКБ қоршаған ортандың өте жоғары (+50 °С-тан жоғары) және өте төмен (-30 °С-тан төмен) температурасында ұзақ уақыт пайдалануға жарамайды.

Құрылғыға тікелей күн сәулеңсінің түсүніне жол берменіз, сондай-ақ оны электр жылдықшыларды сияқты жылу көздеріне тікелей жақын жерде қалдырмаңыз.

## **Зақымдалу белгілері бар АКБ-ны бөлшектеуге, жағуға және қолдануға болмайды**

Еш уақытта АКБ-ны өз бетінізше бөлшектеуге және олардың элементтерін зарядтауға болмайды, мұны білікті мамандар жасауы керек. Элементтерді тесу немесе жаншу өрт пен жарылысқа апаратын ішкі қысқа түйікталуға әкелуі мүмкін. АКБ корпусының тұтастығы бұзылғанда элементтің ішіне су кіруі немесе атмосфералық ылғал конденсациялануы мүмкін, оның салдарынан сутегі бөліне жүретін реакция орын алып, өрт шығуы мүмкін. Зақымдалған АКБ адам денсаулығына зиянды заттарды шығарады.

АКБ қалыпты режимде жұмыс іstemейтін болса, қандай да бір себеппен деформацияланған болса (ісінген, тартылған және т.б.), дереу өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.

**Назар аударыңыз:** АКБ жұмыс уақыты желінің баптауларына (Wi-Fi, 3G, LTE) және басқа да қөптеген факторларға (орталық процессорға жүктеме, СК дисплейінің жарықтығы және т.б.) байланысты; нақты жұмыс уақыты көрсетілгенге сәйкес келмеуі мүмкін. АКБ зарядтау циклдерінің саны шектеулі және белгілі бір уақыттан кейін ауыстыруды қажет етуі мүмкін (АКБ-ның шектеулі кепілдік шарттарын кепілдік талонынан қараңыз). АКБ-ның жұмыс істеу уақыты пайдалану режимі мен баптауларға байланысты.

## Төмен температураларда құрылғыны пайдалану туралы ескертү



Құрылғыны пайдалану кезінде оңтайлы температура диапазоны 0 °C-тан +35 °C-қа дейін.

**Құрылғыны 0 °C-тан төмен және +35 °C-тан жоғары температурада пайдалануды ұсынбаймыйз, өйткені:**

- дисплейлерде түстердің дұрыс жіберілуі бұзылады, өнімділік төмендейді, контрастылық құрт артады – экран жай «қара түске» айналуы мүмкін;
- белгілі бір температурада сурет «қатып қалады» - құрылғы жұмыс істейтініне қарамастан қозғалмайды;
- қызған кезде олардың бұрынғы функциялары көптеген дисплейлерге қайта-рылады, бірақ қатты сұыған кезде дисплейлер іsten шығуы мүмкін;
- батареялар төмен температурада пайдалануға арналмаған;
- АКБ-ны қанша үақыт зарядтағаныңзға қарамастан, аса сұыған батареясы бар құрылғы өздігінен өшіп қалуы мүмкін;
- құрылғыны бөлме температурасына дейін жылды арқылы батареяны қалпына келтіруге болады (кем дегендеге ішінара);
- сұықта энергияны тұтыну, көптеген мұздату/жылдыту циклдері, АКБ-ның аса сұып кетуі - мұның бері құрылғының максималды батарея сыйымдылығын айтарлықтай төмендетеді.

Құрылғыны терен сұыту (-20 °C-тан төмен) және жылдыту кезінде ішкі компоненттерде конденсация пайда болуы мүмкін.

Конденсаттың түрақты қалыптасуы электр тізбегінің метал элементтерінің тотығуына ықпал етеді, бұл құрылғының іsten шығуына әкелуі мүмкін.

Аса сұыған кезде құрылғының ішкі элементтері, дисплей және корпус қатып қалады, нәтижесінде материалдар сынғыш және бүлінгіш, осал болады.

**Аса сұып кетудің салдарын болдырмау үшін:**

- **Құрылғыны жылы жерде ұстаңыз.**

Сыртта жүргенде құрылғыны жылы ішкі қалтада ұстаңыз. Құрылғыны сыртқы қалталарда, сөмкелерде, барсеткаларда және басқа ұқсас жерлерде сақтау қажет емес. Егер құрылғы әлі де сөмкеде болса, оны жылы қапта ұстаған дұрыс. Құрылғыны төмен температурада қысқа мерзімді пайдалануға рұқсат етіледі.

- **Құрылғыны жылы зарядтаңыз.**


Зарядтау кезінде литий-ионды батареяларды тек +5 °C-тан +45 °C-қа дейінгі температурада зарядтауға болатындығын есте ұстаған жән. Сұықтан жылы бөлмеге оралғанда, құрылғыны бөлме температурасына дейін жылдыту керек, содан кейін зарядтағышты қосу қауіпсіз болады.

- **Температуралардың шогынан аулақ болыңыз.**

Жылы бөлмеге оралғанда, құрылғыны бірқалыпты жылуына үақыт беріңіз.

Бұл құрылғыда конденсаттың пайда болуына жол бермейді және оны коррозиядан қорғайды. Жылу көздеріне жақын жылдам қызыдыру экран элементтеріне және құрылғының ішкі схемасына, сондай-ақ құрылғының АКБ-ның іsten шығуына әкелуі мүмкін.


## Құрылғы схемасы



1. POWER пернеси (Қосу/Өшіру).
2. Дыбыс деңгейін реттеу пернеси.
3. Құлаққапқа арналған ағытпа.
4. SIM-картаға арналған үя.
5. MicroSD жад картасына арналған үя.
6. USB ағытпасы: Type-C (зарядтауға және ДК-мен синхрондауға арналған).
7. Алдыңғы камера.
8. Артқы камера.
9. Динамик.

## MicroSD жад картасы мен SIM-картаны орнату

Суретте көрсетілгендей microSD жад картасы мен SIM-картаны тиісті ағытпапарға орнатыңыз:



- Деректердің жоғалуына немесе microSD жад картасының бүлінуіне жол бермеу үшін оларды орнату және алу тек құрылғы өшірілген кезде жүзеге асырылуы тиіс.
- Картаны тым жиі салмаңыз немесе шығарманың, бұл оның зақымдануына әкелуі мүмкін.

# Құрылғыны пайдалану

## Зарядтау

Адаптерді құрылғыға, содан кейін электр розеткасына қосыңыз. Толық зарядтауға шамамен 4 сағат қажет.

МАҢЫЗДЫ: құрылғыны USB кабілі арқылы зарядтауға болады.

## Қосу және өшіру

- Қосу:** POWER пернесін 2 секунд басып тұрыңыз.
- Өшіру:** POWER пернесін 2 секунд басып тұрыңыз → «Выключить» (Өшіру) түймесін → «OK» түймесін басыңыз.
- Ұшу режимін қосу/өшіру:** POWER пернесін 2 секунд басып тұрыңыз → «Режим полёта» (Ұшу режимі) пернесін басыңыз.
- Ұйқы режимін қосу/өшіру:** POWER пернесін 1 рет басыңыз.

## Сенсорлы экран

- Басу:** қалаған нысанды 1 рет басыңыз.
- Саусақпен сырғыту:** саусақтыңызды экранға қойып, оны кез келген жаққа сырғытыңыз, содан кейін босатыңыз.
- Қысу:** саусақты қалаған нысанға бірнеше секунд ұстап тұрыңыз және болуы мүмкін әрекеттерді көрү үшін босатыңыз.

## Wi-Fi

### • Wi-Fi желісін қосу

«Настройки» → «Сеть и Интернет» → «Wi-Fi» (Баптаулар → Желі және Интернет → Wi-Fi) тармағына етіңіз.

Функцияны қосыңыз.

### • Wi-Fi желісіне қосылу

Құрылғы жақын маңдағы барлық желілерді автоматтый түрде сканерлейді. Құлпып белгішесі құпия сөзді енгізуі қажет ететін қауіпсіз желіні білдіреді.

- Қажетті желіні басыңыз → қажет болса, парольді енгізіңіз → «Подключиться» (Қосылу) түймесін басыңыз.

- Алдыңғы мәзірге/бағдарламаға ету үшін «Вернуться» (Оралу) түймесін немесе үй экранына оралу үшін «Домой» (Басты бет) түймесін басыңыз.

## **Жақын жердегі қолжетімді желілер туралы хабарлама алу**

Әдепкі бойынша Wi-Fi функциясы қосулы болғанда, құрылғы жақын жерде қолжетімді желіні анықтаған кезде сізге күй жолағында хабарланады.

- Wi-Fi желісін қосыңыз.
- Wi-Fi баптаулары терезесінде қол жетімді желілер туралы хабарландыру функциясы қосылғанын тексеріңіз. Оны кез келген уақытта қосуға және өшіруге болады.

## **Wi-Fi желісін қосу және баптау**

- Wi-Fi желісін қосыңыз.
- Wi-Fi баптаулары мәзірінде «Добавить сеть» (Желі қосу) түймесін (экранның жоғарғы жағында) басыңыз.
- Желінің SSID (атын) енгізіңіз. Желі қорғалған болса, «Безопасность» (Қауіпсіздік) мәзіріне кіріп, желі қауіпсіздігінің түрін таңдаңыз.
- Барлық қажетті мәліметтерді енгізіңіз.
- «Сохранить» (Сақтау) түймесін басыңыз.

Сіз жүйеге кіресіз және сіз енгізген барлық деректер автоматты түрде сақталады және енгізіледі.

## **Wi-Fi желісін ұмыту**

Құрылғыдан кез келген желі туралы барлық деректерді өшіре аласыз.

- Wi-Fi желісін қосыңыз.
- Wi-Fi баптаулары мәзірінде саусақызында желі атауында ұстап тұрыңыз.
- Пайда болған терезеде «Забыть» (Ұмыту) түймесін басыңыз.

## **Кеңейтілген Wi-Fi баптаулары**

### **• Желі хабарландырулары**

Жақын жердегі қолжетімді желілер туралы хабарландыру алу үшін құсбелгі қойыңыз.

### **• Үйқы режимінде Wi-Fi қосулы қалдырыңыз**

Wi-Fi өшірілген кезде, сіз жағдайлар орната аласыз. Үйқы режимінде Wi-Fi желісінің автоматты түрде өшүі батарея қуатын үнемдеуге көмектеседі.

### **• MAC мекенжайы**

Media Access Control (MAC) - Wi-Fi желілеріне қосылған кездегі құрылғының мекенжайы.

### **• IP мекенжайы**

Internet Protocol (IP) – Wi-Fi желісі арқылы құрылғыға тағайындалған мекенжай (статикалық IP мекенжайын пайдаланбасаңыз).

# Балалар режимі

## Есептік жазба жасау

Есептік жазба мәзірінде «Добавить» (Қосу) түймесін басыңыз, содан кейін ба-ланың суретін немесе фотосуретін таңдап, оның мәліметтерін (аты мен құпи-ясөзі) енгізіңіз.

The screenshot shows a mobile application interface. At the top, there is a blue header bar with a back arrow and the text "← Учётная запись". Below this, there are two main sections:

- Детская учётная запись**: Shows a circular profile picture of a boy with orange hair and a blue shirt, labeled "Сын" and "3 лет 9 месяцев". To the right are buttons for "Удалить" (Delete) and "Редактировать" (Edit).
- Родительская учётная запись**: Shows a grey placeholder area with a "Добавить" (Add) button.

## Жаңа бала қолданбасын қосу

Жалпы қолданба мәзірінде қажетті қолданба жанына құсбелгі қойыңыз, сонда ол жұмыс үстелінде көрсетіледі.

The screenshot shows a mobile application interface for managing children's profiles. At the top, there is a blue header bar with a back arrow and the text "← Приложения | Сын". Below this, there is a list of applications with checkboxes and more options icons:

Приложение	Статус	⋮
Развивающие игры	<input checked="" type="checkbox"/>	⋮
Мини игры	<input checked="" type="checkbox"/>	⋮
Тема	<input type="checkbox"/>	⋮
Детский магазин	<input type="checkbox"/>	⋮
Браузер	<input checked="" type="checkbox"/>	⋮
Камера	<input checked="" type="checkbox"/>	⋮
Галерея	<input checked="" type="checkbox"/>	⋮

## Браузерде қарау үшін жаңа қауіпсіз веб-сайтты қосу

Интернетке кіру мәзірінде балаға қолайлы деп санайтын сайттарға құсбелгілер қойыныз. Сонымен қатар сіз өз қалауындықта қарай кез келген сайтты қоса аласыз.

← Доступ в Интернет | Сын

<input checked="" type="radio"/> Ограничено	<input type="radio"/> Без ограничений	<input type="radio"/> Запрещено	Добавить
 Disney http://disneyeme.com		<input checked="" type="checkbox"/>	
 Smurfs http://www.smurf.com		<input checked="" type="checkbox"/>	
 The Garfield Show http://www.thegarfieldshow.com		<input checked="" type="checkbox"/>	
 Toy Story http://www.toystory.disney.com		<input checked="" type="checkbox"/>	
 Twenty Four Seven Science http://www.lawrencehallofscience.org/kidsite		<input checked="" type="checkbox"/>	

## Фотосурет, бейне және музыка қосу

Медиа-контент қолданбасының мәзірінде музыка бар қалтаға құсбелгі қойыңыз.

Қалта жұмыс үстеліндегі «Музыка» қолданбасында көрсетіледі; суреттері мен бейнелері бар қалталар дәл осылай белгіленеді және жұмыс үстеліндегі сәйкес мәзірлерде көрсетіледі.

← Медиа-контент | Сын

 Сын фото(0) [Встроенная память]/Wawa/Users/Сын/DCIM/	<input checked="" type="checkbox"/>	
 Открытый альбом(0) [Встроенная память]/DCIM/	<input type="checkbox"/>	
 Сын аудио(0) [Встроенная память]/Wawa/Users/Сын/Music/	<input checked="" type="checkbox"/>	
 Открытая музыка(0) [Встроенная память]/Music/	<input type="checkbox"/>	
 Сын изображений(0) [Встроенная память]/Wawa/Users/Сын/Pictures/	<input checked="" type="checkbox"/>	
 Открытые изображения(0) [Встроенная память]/Pictures/	<input type="checkbox"/>	
 Сын видео(0) [Встроенная память]/Wawa/Users/Сын/Movies/	<input checked="" type="checkbox"/>	

## Балалардың құрылғыны пайдалану уақытын шектеу

«Время» (Уақыт) мәзірінде «Ограничено» (Шектеулі) опциясын таңдау арқылы балалардың құрылғыны күніне пайдалануына рұқсат етілген уақытты орнатуға болады. Сіз пайдалану сеансының басталу және аяқталу уақытын, күніне пайдалану сеанстарының рұқсат етілген санын, бір сеанс ұзақтығын және сеанстан кейін демалу ұзақтығын баптай аласыз.


← Время | Син

Неделя  Один день

Вс	<input checked="" type="radio"/> Ограничено	<input type="radio"/> Без ограничений	<input type="radio"/> Запрещено
Время начала/завершения	09:00	-	21:00
Сеансов в день	3	макс.	
Длительность сеанса	30	мин.	
Оставшееся время	15	мин.	
Пн	<input checked="" type="radio"/> Ограничено	<input type="radio"/> Без ограничений	<input type="radio"/> Запрещено
Время начала/завершения	09:00	-	21:00
Сеансов в день	3	макс.	
Длительность сеанса	30	мин.	
Оставшееся время	15	мин.	
Вт	<input checked="" type="radio"/> Ограничено	<input type="radio"/> Без ограничений	<input type="radio"/> Запрещено


## Ата-ана құпиясөзі

Параметрлер мәзірінде «Установите собственный пароль» (Өз құпиясөзінізді орнатыңыз) түймесін басып, оны пайда болған терезеде орнатыңыз. Құпиясөз ретінде 4-20 санды теруге болады.



## Ата-ана құпиясөзін бастапқы қүйге қайтару (қалпына келтіру).

«Забыли пароль?» (Құпиясөзді ұмыттыңыз ба?) опциясын таңдап, құпиясөзді қалпына келтіру кодын алу үшін password-reset@iwawakids.com электрондық поштасына хат жіберіңіз. Құпиясөзді қалпына келтіру үшін кодты енгізіңіз, содан кейін құпиясөз 2 санды қосу арқылы стандартты құлышты ашу әдісіне қалпына келтіріледі.



## Android™ жұмыс үстеліне шығу

Есептік жазбаға кіру экранында төменгі оң жақ бұрыштағы шығу белгішесін басып, Android интерфейсіне өту үшін ата-ана құпиясөзін енгізіңіз.



Android интерфейсінен балалар режиміне қайта кіру үшін белгішесін түртіңіз.

## Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: C18.
- Экран: IPS 8”.
- Анықтық: 1280x800.
- Процессор: SC7731E 4 ядро.
- Жедел жад: 2 Гб.
- Ішкі жад: 32 Гб.
- Сымсыз қосылымдар 3G, WF-Fi, GPS, Bluetooth.
- Wi-Fi желісіне сымсыз қосылу стандарты: IEEE 802.11b/g/n.
- Wi-Fi жұмыс жиіліктерінің диапазоны: 2400-2483,5 МГц.
- Wi-Fi таратқышының қуаты: 20 мВт.
- Bluetooth нұсқасы: 4.2.
- Bluetooth желісіне сымсыз қосылу стандарты: IEEE 802.15.1.
- Bluetooth жұмыс жиіліктерінің диапазоны: 2400-2483,5 МГц.
- Bluetooth таратқышының қуаты: 6 дБм.
- Алдыңғы камера: 0,3 Мп.
- Артқы камера: 2 Мп.
- Кіріс кернеуі: (адаптер): 110-220 В, 50-60 Гц, 0,35 А.
- Шығыс кернеуі (адаптер): 5 В, 2 А.
- Батарея 4000 мА·сағ.
- Операциялық жүйе: Android™ 11 GO.

*Android – Google LLC компаниясының сауда белгісі.*

## Жинақталым

- DEXP құрылғысы.
- Зарядтауға арналған адаптер.
- USB кәбілі.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.

## Ұқтимал проблемалар және олардың шешімі

1. **Құрылғы зарядтағышқа қосулы кезде де қосылмайды:**  
Зарядтағыштың желіге қосулы екенін тексеріңіз.
2. **Құрылғы экран мен түймелерді басқанға жауап бермейді:**
  - RESET түймесі болса, оны құрылғыны қайта жүктеге үшін басыңыз.
  - Құрылғыны өшіру үшін POWER түймесін 10-15 секунд басып тұрыңыз.  
Құрылғыны қайта қосу үшін осы әрекетті қайталаңыз.
3. **Интернетке қатынасу мүмкін емес / желі жылдамдығы төмен:**
  - Құрылғының Wi-Fi желісіне қосулы екеніне көз жеткізіңіз.
  - Wi-Fi желісінің жылдамдығына қатынасу нүктесінің сигнал күші, құрылғы мен қатынасу нүктесі арасындағы арақашықтық және кедергілер әсер етеді.

- 4. Қолданбаны арқ файлынан орнату мүмкін емес:**
  - арқ файлы зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.
  - Құрылғыны қайта жүктеңіз.
- 5. Бейнефайлдар баяу ойнатылады немесе экранда ойнату мүмкін емес деген хабарлама пайдада болады:**

Құрылғының бейнефайл ажыратымдылығы мен форматын қолдайтынына көз жеткізіңіз. Қажет болса, кәдімгі ДК көмегімен бейнефайлды түрлендіріңіз.
- 6. Деректері бар тасығышты оқу мүмкін емес:** Тасығыштың дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
- 7. Құрылғыда деректер жоқ, бірақ жад туралы ақпаратқа сәйкес, көлем бос емес:** Файлдың жүйе зақымдалған. ДК-ге қосып, құрылғыны форматтаңыз.
- 8. Құрылғының қанағаттанарлығызыз жұмысы, өнімділіктің төмендеуі, жиі қатып қалуы:** Зауыттық параметрлерді қалпына келтіріңіз.

**Назар аударыңыз:** жоғарыда аталған шаралар көмектеспесе немесе сіздің проблемаңыз осы бөлімде сипатталмаса, құрылғыны дереу тоқтатып, өкілетті сервистік орталыққа хабарласу ұсынылады.

## **Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), сату және кәдеге жарату ережелері мен шарттары**

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылытылатын түрғын-жайларында қантамаға салып, 5 °C және 40 °C аралығындағы температурада және 80%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылықта сақтау керек. Түрғын-жайларда коррозия түсіндататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің буласы) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңың, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғыда ақау анықталған жағдайда дереу өкілетті сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.
- Өнімнің қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны әдеттегі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, оны федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға жиберу керек. Осы өнімді дұрыс кәдеге жарату арқылы сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және тиісті түрде пайдаланбау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келу жағдайларының алдын аласыз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды таситын кәсіпорыннан алуға болады.

## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Дун Гуань Лянь Чжоу Электроник Тэкнолоджи Ко., Лтд.  
1 ғим., Фэнган Тэкнолоджи 10 тас жолы, Фэнган, Дунгуань қ., Гуандун пров.,  
Қытай.  
Қытайда жасалған.

**Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:** ТОО «ДНС  
КАЗАХСТАН», г. Нур-Султан, р-н Сарыарка, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.  
**Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:** «DNS  
QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы,  
Сарыарқа даңғылы, 12-ғимарат, Қазақстан.

Тауар Кеден Одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі».
- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАӘО ТР «Электр техникасы және радиоэлектроника бүйімдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Ерекшеліктер, өнім туралы ақпарат және функционалдығы пайдалануышыға алдын ала ескертусіз өзгертулуга мүмкін.

Құрылғының іс жүзіндегі интерфейсі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

**Интернеттегі мекенжайы:** [www.dexp.club](http://www.dexp.club).



Өндіріс күні пайдалануыш нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

v.2

## Жазбалар үшін

## Жазбалар үшін

## Жазбалар үшін

# Кепілдік талоны

SN/IMEI: \_\_\_\_\_

Кепілдікке қойылған күні: \_\_\_\_\_

Өндіруші кепілдік мерзімі барысында құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ, материалдар мен жинағында ақаулардың болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бүйімді сатып алған сәттен бастап саналады және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Өнімді пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес қолданған жағдайда, кепілдік мерзімі барысында пайдаланушының қатысының істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру жұмыстары жүргізіледі. Элементтерді жөндеу және ауыстыру жұмыстары өкілетті сервистік орталықтарда жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервистік орталықтардың жаңартылған тізімі мына мекенжайда:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

**Кепілдік міндеттемелер мен тегін сервистік қызмет, оларды ауыстыру бүйімді бөлшектеумен байланысты болмаса, тауар жинағына кіретін келесі керек-жарақтарға қолданылмайды:**

- Қашықтан басқару пультінің (КБП) қуат элементтері (батареялар).
- Жалғаыш кабілдер, антенналар мен олардың жалғаыш тетіктері, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; әртүрлі ақпарат тасығыштар, жинақта берілетін бағдарламалық құрал (БҚ) мен драйверлер (оның ішінде бүйімның қатты магниттік дискілеріндегі жинақтауышта алдын ала орнатылған БҚ және т.б.), сыртқы кіріс және шығыс құрылғылары мен манипуляторлар.
- Қаптар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған баулар, монтаждық құрылғылар, құралдар, бүйіммен бірге берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдар мен бөлшектер.



## **Өндіруші төмендегідей жағдайларда кепілдік бойынша міндеттемелерді өз мойнына алмайды:**

- Кепілдік мерзімнің аяқталуы.
- Жеке қажеттіліктер (тұрмыстық, отбасылық) үшін пайдалануға арналған бұйымның қасіпкерлік қызметті жүзеге асыру, сондай-ақ басқа мақсаттар үшін пайдаланылуы.
- Өндіруші пайдалану кезінде бұйым иесінің пайдалануши нұсқаулығындағы талаптарды бұзуы, бұйымды орнату және қызмет көрсету бойынша нұсқауларды, бұйымды қосу (сондай-ақ, сәйкес келмейтін желі кернеуінің бұйымның өзіне және оған қосылған бұйымға әсер етуі нәтижесінде туындаған қысқа тұбықта-лу), сақтау және тасымалдау ережелерін орындауы салдарынан болған ықти-мал материалдық, моральдық және басқа да залал үшін жауапты емес.
- Механикалық зақымның барлық жағдайы: бұйымды пайдалану кезінде пайда болған кетік, шытынаған жерлер, деформация, соққы іздері, майысқан жерлер, ойылған жерлер және т.б.
- Сыртқы өзгерістер, рұқсаты жоқ адамдардың рұқсатсыз жөндеу жұмыстарын жүргізгені байқалады. Ақау бұйымның конструкциясын немесе сұлбасын өзгерту, Өндіруші мақұлдамаған сыртқы құрылғыларды қосу, Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыларды пайдалану салда-рынан туындаған жағдайларда.
- Бұйымдағы ақау алапат күш әсерінен (табиғи апат, өрт, су басу, жер сілкіну, тұрмыстық факторлар және Өндірушіге байланысты емес басқа да жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмайтын үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туын-дауы. Ақаудың бұйым ішіне бөгде заттардың, сыйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың кіріп кетуінен, бұйымның толықтай немесе ішінара істен шығуына әкелген жемір заттар, жоғары ылғалдылық, жоғары температура әсерінен туындауы.
- Бұйымның сәйкестендіру немірінің (сериялық немірінің) болмауы немесе сәйкес келмеуі. Зақымның (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық құрал әсерінен туындауы: БҚ жеткізушісінің осы қызмет түрін ұсынбауына байланысты қайта қалпына келтіру мүмкіндігінсіз бұйымның бағдарламалық ресурстарына қол жеткізуден айыруға әкеліп соққан құпиясөздерді (кодтарды) орнату, ауыстыру немесе жою.
- Қуат, кабіл, телекоммуникация желілерінің, радиосигнал қуатының, стандарттарға немесе техникалық регламенттерге сәйкес болмауы, соның ішінде рельеф ерекшеліктері және басқа да осыған үқсас сыртқы факторлар, бұйымды желі істейтін аймақ шекарасында немесе одан тыс пайдалану салдарынан жұмыс ақауларының болуы.
- Зақымның стандартты емес (түпнұсқа емес) және/немесе сапасыз (зақымдалған) шығын материалдарды, керек-жарақтарды, қосалқы бөл-шектерді, қуат элементтерін, әртурлі ақпарат тасығыштарын (соның ішінде CD, DVD дискілері, жад карталары, SIM карталары, картридждер) пайдалану салдарынан болуы.
- Кемшіліктердің үйлеспейтін мазмұнды (әуен, графика, видео және басқа да файлдар, Java қолданбасы және осыған үқсас бағдарламалар) алу, орнату және қолдану себебінен орын алуы.
- Осы бұйымға қосылып жұмыс істейтін басқа құрылғыларға келтірілген зиян-дарға кепілдік міндеттемесі қолданылмайды.





